

№28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

**«Қош келдің, Алтын күз!»  
4 Қарлығаш мектепалды даярлық  
тобының ертеңгілігі**

**Тәрбиеші Н.Утаралиева**

**2022-2023 оқу жылы**

«Қош келдің алтын күз» мерекесінің сценарийі

**Жүргізуші:** Төңірек толы сары алтын  
Күз келді туган жеріме  
Шуағы нұрлы жайнаған  
Алтын күз әсем айналам

Армысыздар құрметті қонақтар, апайлар, ата — аналар, баршаңызды күзгі мейрамдарыңызбен құттықтаймыз. Құттықтай отырып бүгінгі біздің мектеп алды даярлық тобының дайындаған «Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** Олай болса,  
Мерекесі халықтың  
Алтын күзді бастайық  
Алтын күзге арналған  
Ертеңгілігімізді бастайық

**Хор:** «Күз»

**Ғажайып сәт:** Әуенмен залға күз келеді.

Саламатсыздар ма балалар, саламатсыздар ма қонақтар. Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймын.

**Балалар:** Қош келдіңіз «Алтын күз»

**Жүргізуші:** Қош келдіңіз алтын күз біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз.

**Илияс:** Біз кішкентай бүлдіршінбіз  
Бақыт сыйлар ұл қызбыз  
Қуанышты көңіл сыйлар  
Мерекеге қош келдіңіз

**О.жас:** Тәрбиеші апайым  
Болдың бізге анамдай  
Қуанышты сыйлар күн  
Мейірім төгіп ытұрғандай

**Айару:** Бақшамыздың мақтанышы  
Биік ұстар ар намыеты  
Біз балдырған ұландармыз  
Шырқайтұғын ән мен жырды

**Қайсар :** Көк майсалы көрікті  
Алқаптағы көп егін  
Бұл күндері келіпті  
Сары жібек көйлегін.

**Темірлан:** Ұстаз ана болды ол.  
Әрқашанда біздерге  
Бар балаға берді ол  
Қуанышпен өнеге

**Жүргізуші:** Келесі кезекте мың бұралған бишіліерімізді ортаға шақырайық. Бір топ қыздарымыздың «Қолшатыр» биі

**Келесі кезекте балалардың тақпақтары:**

**Асқар :** Сап- сары маңай  
Сап-сары тоғай  
Соңғы әнін айтып  
Құс кетті қайтып

**Альбина :** Алақай Алақай  
Шаттанды Балақай  
Күз түсті, дән пісті  
Айтамыз алғысты

**Ақзере:** Қамба толды астыққа  
Алғыс саған алтын күз  
Бір уыс дән шықты  
Қап-қап қауын алдық біз

**Аман:** Жел тынымсыз гуілдеп  
Болып кетті тым ұзақ  
Шуылдайды тал, терек  
Жапырағын жұлғызып.

**Раяна :** Өмірдің ұғып тереңін  
Өркен жайған қауымым  
Қабыл ал жүрек сәлемін  
Құлақта сенің әр үнің

**Жүргізуші:** Балабақша бағында  
Сайраңдаймыз жанында  
Нақ өзіндей бүлдіршін  
Көп достардың жанында, -деп,біздің кішкентай  
балаларымыз сіздерге «Кап-кап тук-тук » биін билеп береді.

**Аслан:** Алақай Алақай  
Шаттанды Балақай  
Күз түсті, дән пісті  
Айтамыз алғысты.

**Аяулым:** Жел тынымсыз гуілдеп  
Болып кетті тым ұзақ  
Шуылдайды тал, терек  
Жапырағын жұлғызып

**Аяла:** Келді еліме .  
Алтын күз керемет

**Жүргізуші:** Күйекте күйлі мол қанша  
Қырманда толы дән қанша  
Алтын күз әсем айналам  
Қараймын көзім талғанша.

Келесі кезекте Хор: «Тәуелсіз елдің ұланымыз».

**Жүргізуші:** Қуанышқа бөленген әр күніміз  
Бақыттымыз бадалар барлығымыз  
Ән шырқайық көтеріп көңілдерді  
Әжетайым әніне кезек беріп.

Келесі кезекте Кеңшілік Ақзере қызымыздың «Әжетайым» Әнін тыңдайық.

Келесі кезекте мың бұралған бишіліерімізді ортаға шақырайық.

**Би:** «Күзгі вальс»

Құрметті ата-аналар, қонақтар, баршаңызды тағы да күз меркесімен құттықтаймыз. Осымен бүгінгі «Қош келдің Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет. Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар